Міне, осының салдарынан, бүкіл адамзат қауымында әйелдер бұрынғы ықпалдарынан ығысып, негізгі басшылық орындарын азаматтарға бере бастайды. Осылайша, аталық қоғамның дәурені басталып, ер адамдар енді ру, тайпалардың шаруашылықтары мен қоғамдық өмірінің жетекшілігін өз қолдарына алады. Осыған орай адамдар арасындағы туысқандық қатынастар әке жағымен есептелетін болады.

Қазақ даласындағы көшпелі тұрмыс дәл осы заманда қалыптаса бастайды. Тұрмыс-тіршіліктеріне қарай адамдардың қоғамдық және отбасы қатынасындағы идеологиялары да көп өзгерістерге түседі. Алғашқы жабайы нанымдар – табиғат күштері мен жансыз заттарға құдай ретінде сиыну бірте-бірте қала бастайды. Мұның бәрі тәлімдік және тәрбиелік жүйелерді ерекше дамытады.

Қоғамдағы отбасының орны бұрын-соңды болмаған жауапкершілікке бағынып, жаңаша дамудың сипаттарына ауысады. Қоғамдағы жеке меншіктің алғашқы түрі – отбасының меншігі өмірге келеді. Осыған орай мүлік жөніндегі теңсіздіктер пайда болады. Сөйтіп, қола дәуірінде шаруашылықтың салалары тас дәуірімен салыстырғанда едәуір күрделеніп, дами бастайды.

Сонымен қатар бұл дәуірде күнкөріс көзіне айналған мал шаруашылығының өнімдерін өңдеу негізінде қазіргі жеңіл өнеркәсіптің тоқыма, тігін, тері өңдеу және т.б., салалары қалыптаса бастады.

**F00034 16.01.2021 жыл**

## **ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ**

*НУРАХМЕТОВА АНАРГУЛЬ*

*Алматы облысы. Алакөл ауданы. Жанама ауылы.*

*Жанама қазақ орта мектебі . Психолог*

Қазақстан Республикасы мемлекеттілігінің және демократиялық, нарықтық экономикасы бар құқықтық қоғамды құрудың күрделі үрдісін басынан кешіруде. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауында елдің 2030 жылға дейінгі стратегиялық басымдылықтары анықталған. Онда айтылғандай, алдағы ғасырға экономикалық және әлеуметтік өрлеудегі басты фактор «адамдардың өздері, олардың еріктері, күш- қуаты, табандылығы және білімдері» болып табылады.

Қойылған міндеттерді шешу үшін республиканың интеллектуалды және шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және дарынды балалармен жастардың дамуы үшін өркениетті жағдайлар жасау қажет.

Балалар дарындылығын зерттеумен және ерекше балаларды оқыту және тәрбиелеудің психологиялық- педагогикалық сұрақтарын қарастырумен Қазақстанда ұзақ уақыт бойы өте аз айналысты, тіпті айналыспады десекте болады. Қазіргі күнде ерекше қабілетті балаларды іріктеп, олардың әрі қарайғы дамуы үшін жағдайлар жасауы керек екендігі анық.

Баланың қабілеттері мен таланттарын толық ашу өзіне ғана емес, мемлекетке де қажет болып табылады. Жаңа технологияларды практикаға енгізу және игертудегі сапалы қадамның сандарынан қоғамның стандартты емес ойлау қабілетіне ие, өндірістік және әлеуметтік өмірге, жаңа мазмұн енгізетін, болашаққа қатысты жаңа міндеттерді қойып, оларды шеше алатын мамандарға деген қажеттілік өсті.

Қазақстан ғасырлар тоғысында тәуелсіз елге айналып, саяси, әлеуметтік және экономикалық жүйесі әлемдік өркениет үлгісінде қайта құрылуы білім беру саласындағы- қазақтың ұлттық мектебін жасау, оқушының шығармашылық қабілеттілігін арттыру мен келешекте басқа мемлекеттер арасында жетекші орынға иелену негізінде жан- жақты, ақыл- ой өрісін кемелденген оқушы тәрбиелеу мәселесін шешу қажеттігін қойып отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын, талантын, қабілетін дамыту» сияқты өзекті мәселелер өткізіліп отырғаны белгілі. Өйткені ғылым мен техниканы, өндірісті әлемдік деңгейде дамыту үшін елімізге шығармашылықпен жұмыс жасайтын білімді, жоғары дайындығы бар білікті маман қажет.

Шығармашылығы жоғары, дарынды балаларға білім беруді, әр ғылымның бүгінгі даму дәрежесіне сәйкес жүргізу, бір жағынан қоғамға талантты мамандар даярлау тиімді болса, екінші жағынан, ерекше қабілетті балалардың жеке өзіндік интеллектуалдық дамуын қанағаттандыруды қаматасыз етеді.

Әрбір қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі, сол қоғамдағы жеке адамның шығармашылық потенциалына байланысты. Олай болса, егеменді еліміз Қазақстанда дарынды баланы дамыту мен анықтаудың қажеттігі туындап отыр. Қазіргі кезде қоғамдағы қарқынды өзгерістер жыл сайын жаңа өмір салтын құруда.

Ел Президенті 2030-жылға қарай Қазақстан Орталық Азия барысына айналады және өзге дамушы елдерге үлгі болады деген асқақ сезімді алға тарта отырып, «Біздің жас мемлекеттіміз өсіп-жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының өресі биік, денсаулығы мықты өкілдері болады»-дейді. Ендеше, біздер ұстаздар қауымы 2030 жылдары еңбек етіп, ел басқаратын болашақ жастарымыздың білімділігі мен біліктілігін қамтамасыз етіп, Президентіміздің үкілі үмітін атқаруға барлық іс-әрекет, күш- жігерімізді жұмылдырғанымыз жөн. Жолдауда атап көрсетілгендей, өз болашақ ұрпағының жауапты да жігерлі болып, өресі биік жеткішекті тәрбиелеуде мұғалімнің жаңаша ойлау түрін педагогикалық іс-әрекеті ғылыми тұрғыда ұйымдастырғанда ғана қол жетеді. Ол үшін оқу үрдісінің мәні заңдылықтарын жетік білу, жаңа оқу технологиясын жетік білу және олардың бойындағы ерекше қасиетті бағалап, өмірден өз орындарын табуға көмектесу де қосылады.

Кез келген елдің болашағы білім беру жүйесінің және зиялылар қауымының деңгейіне байланысты болғандықтан, Қазақстан халқына да әлемнің дамыған елдерімен тең дәрежеде білім беру қажеттігі күмән тудырмайды. Әлемдік білім кеңістігіне еркін енуді көздейтін дарынды балаларға білім беру жүйесі туралы сөз қозғалғанда, ең алдымен, білім мазмұнын жаңарту мәселесі өзектелігімен ерекшеленеді.

Қазақстанның орта білім жүйесінің алдында бүкіл адамзат құндылық тұғырнамасында қалыптасқан, тәні және жаны сұлу өзіне-өзі сенімді, ғылыми-теориялық білімділігі мен тәжірибелік қабілеттері арқылы күрделі әлемдік, өмірлік әрі әлеуметтік кеңістікке еркін ене алатын қасиеттерге ие дарынды тұлға тәрбиелеу міндеті қойылып отыр.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың – “Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында”, деген ұлағатты сөзін әрқашанда естен шығармау керек.

Кез келген елдің жоғары дамуы олардағы өсіп келе жатқан жастардың жоғарғы шығармашылық және талпыныс күшіне байланысты. Бала бақша, мектеп және басқа да білім беру мекемелерінің алдында балаларды тәрбиелеуде, оларға жан-жақты білім беруде үлкен жауапкершілік тұр.

Қай мемлекеттің де негізгі тірегі – білімді де білікті, іскер де белсенді адамдар. Сондықтан қоғам талабына сай ол қоғамды көркейтетін, дамытатын жастар тәрбиелеу ең маңызды мәселе екені белгілі.

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет “Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту” сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отыр.

Сол сияқты өзіміздің Қазақстан жерінде туып, өскен қазақтың жантанушы, ағартушы ғалымдары: Ж.Аймауытов, Т.Тәжібаев, Қ.Жарықбаев, М.Мұқанов, С.Қалиев, С.Ұзақбаева, Ж.Қоянбаев және қазіргі кезде дарынды балалар жөнінде еңбегі сіңіп жүрген Республикалық ғылыми-практикалық «Дарын» орталығының басшысы Үміт Жексенбаева.

Психология жеке ғылым болып дами бастағаннан бастап дарынды балаларды табу және тәрбиелеу, қалыптастыру жұмыстарына зерттеу, ғылыми мән беру жүргізіле бастады. Көптеген ғылыми және методикалық материалдардың барлығына қарамастан психологтарға, мұғалімдерге, тәрбиешілерге дарынды балалармен жан-жақты қалыптасқан жұмыс жүргізуге керекті нақты методикалық ұсынымдар ұстай отыра, және де шешендік тәжірибелерді, ғылыми тұжырымдарды қазақтың ұлттық ерекшеліктерін ескермей көшіре салу бұл бағыттағы жұмыстарға оң нәтиже тудырмайды. Сондықтан, дарынды балалармен жұмыс жүргізгенде ғылыми зерттеулерді қазақ тілінде тереңірек жүргізіп, дарынды балалардың ата-анасына, тәрбиешілерге, мұғалімдерге қажетті материалдарды, нақты кеңес беруді дамыту бүгінгі күннің ең өзекті тақырыбы.

Дарынды балаларға білім беруді әр ғылымның бүгінгі даму дәрежесіне сәйкес жүргізу бір жағынан қоғамға талантты мамандар даярлауда тиімді болса, екінші жағынан ерекше дарынды балалардың тек өзінің интеллектуалдық дамуын қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Дарынды оқушымен жұмыс істеу мұғалімнің өзіне, қызметіне және кәсіби жетілуіне өзгеше емтихан болып табылады.

Дарынды балаға өзінің қабілетін еркін танытуға мүмкіндік беретін, өзінің дарынына қарай бірегей тұлға ретінде дамуына жол ашатын білім беру жүйесін жетілдіру қажет. Талантты тани білу, дарындылықтың белгілерін дамыту осыған дайын мұғалімнің ғана қолынан келеді. Бастауыш сыныптарда мұғалім оқушылардың оқуға ынтасын тәрбиелеу арқылы қабілеттерінің дамуына кең жол ашады. Мұғалім алғашқы күннен бастап оқушының ыждағаты мен бейімділігін, оның қолынан не істеу келетіндігін, оқу мен еңбекке ұқыптылығы қандай екендігін есепке алып, оқу процесін осы негізге ойластыра жүргізгені дұрыс. А.К Макаровтың пікірі бойынша мұғалімнің кәсіптік зерттеушілік позициясы өз кәсібін шығармашылық деңгейде жетік меңгерген кезде ғана айқындала түседі.



Жалпы кәсіптік жұмыста мұғалім үшін зерттеушілік іскерліктер мен дағдыларды меңгеру маңызды орын алады. Ол кез-келген әдіс-тәсілді оқу-тәрбие процесінде кәсіби тұрғыдан жүзеге асырумен қатар әрбір оқушыны, оның құрдастарымен, ата-анасымен қарым-қатынасын анықтап отыру, мұғалімнің педагогикалық-психологиялық тұрғыдан білімінің зеректігін көрсетеді.

Мұғалімнің кәсіби шеберлігі, білімділігі деңгейі, шығармашылығы туралы Ы.Алтынсарин, Ж. Аймауытов, А.Байтұрсынов, П.П.Блонский, М.Жұмабаев, А.В.Луначарский, А.С.Макаренко, С.Т.Шацкий, В.А.Сухомлинский, қазіргі білімнің жаңа үлгісін құру барысында Қазақстан ғалымдары өз еңбектерінде шебер мұғалім ғылыми ізденіс мәдениетімен қарулану керек деді. Мұғалім кәсібінің мән-мағынасы елеулі өзгерткен шақта, жаңа тұрпатты педагог педагогикалық процестің бірізділігін және оқу мен тәрбиенің біртұтастығын сақтай отырып, оқыту модельін жобалай білу шарт. Жаңа кезеңдегі мұғалімнің шығармашалақ іс-әрекетінің мазмұны зерттеушілік қызметтен, жеке ізденістерден, оқушымен, ата-анамен тығыз ынтымақтастықтан тұрады.

Әр оқушының жеке тұлға екені ғылыми еңбектерде жан-жақты зерттелгенімен, тәжірибе жүзінде, ұлттық мектептеріміздің оқу – тәрбие процесінде, тұлға ерекшеліктерін ескере отырып оқытудың толық жүзеге асырыла қоймауы-шешілмей отырған мәселелердің бірі. Жеке тұлға қабілеттеріне бағытталған оқыту процесі әр педагогтың өз ісіне және өзіне деген жауапкершілігі артып, оқушымен қарым-қатынасын берік сенімге негіздегенде ғана игі нәтижесін байқатуы мүмкін.

**F00038 17.01.2021 жыл**

## **МЕКТЕПТЕ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ ДЕФЕКТОЛОГТЫҢ РӨЛІ**

**АМИНОВА ВЕНЕРА КУАНХАНОВНА**

*Маңғыстау облысы. Ақтау қаласы*

*№ 6 орта мектебі . Дефектология пәнінің мұғалімі*

Дефектология (лат. defectus – жетімсіздік және гр. λόγος – ілім) – педагогиканың көру, есту, сөйлеу мүшелерінде, ақыл-ойының дамуында табиғи кемістігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін зерттейтін арнаулы саласы.

Дефектология төрт салаға бөлінеді: сурдопедагогика – мылқау балаларға, тифлопедагогика – зағип балаларға, олигофренопедагогика – ақыл-ойы кеміс балаларға, логопедия – тілінің кемісі бар балаларға білім және тәрбие беру проблемаларын зерттейді. Дефектология, сондай-ақ дене кемістігі күрделі (соқыр және саңырау, саңырау және ақыл-ой кемістігі бар, т.б.) балаларды оқытып тәрбиелеуді де қамтиды.

Дефектология невропатология, генетика, психология, педагогика, тіл білімі секілді бірқатар ғылым салаларымен де тығыз байланысты. Шет елдердің көпшілігінде «Дефектология» терминінің орнына «арнайы оқыту» термині қолданылады. Ал Германияда, Австрияда, Швецияда бұл сала «емдік педагогика» деп аталады. Бұрынғы КСРО-да Дефектология жөніндегі ғылым-зерттеу жұмыстарын Мәскеудегі Педагогика ғылымдар академиясының Дефектология институтында, Киев педагогика және психология институтында, басқа да педагогикалық институттардың дефектология факультеттерінің кафедраларында, мектептерде жүргізілді. 1931 жылы Алматыда құлағы мүкіс, 1932 жылы көз кемістігі бар балалар үшін алғашқы арнаулы мектептер ашылды. XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап көмекші мектептер жұмыс істеп келеді. Мұндай мектептерде жұмыс істейтін арнаулы кадрлар 1976 жылдан Алматы мемлекеттік университетінде, 1984 жылдан Қарағанды мемлекеттік университетінде даярланады. Қазақстанда табиғи кемістігі бар балалар мемлекет есебінен арнаулы мектептерде тегін оқытылады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс.

Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек.

Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.» деп атап өтілген.

Белгіленген бағыт-бағдарға сәйкес Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі принциптерінің бірі инклюзивтілік болып табылады. Балалардың білім алуға құқығы мен инклюзивті білім беруді дамыту бойынша жұмысты жетілдіру Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңдарымен кепілдік берілген.

«Білім туралы» ҚР Заңының баптарында білім алушылардың білім беру бағдарламаларына тең қолжетімділікті, түзету-педагогикалық және әлеуметтік қолдауды, мүмкіндігі шектеулі балалардың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігін қарастыратын мемлекеттің білім беру саласындағы саясатының мәні мен принциптері айқындалған. Мысалы, «Білім туралы» ҚР Заңының 3-бабында «...1) баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі; 2) білім беру жүйесін дамытудың басымдығы; 3) әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі...» деген принциптер белгіленген.

Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытудың нормативті құқықтық базасы мекен-жайы бойынша барлық білім алушыларға олардың жеке ерекшеліктері мен білім алу қажеттіліктеріне білім беру ортасының бейімділігін қамтитын педагогикалық тәсілдер арқылы тең білім алу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету - басты постулатына негізделген.

Негізі қоғамды ізгілендіру болып табылатын инклюзияның мәнін айқындауға байланысты 2016 жылы «Білім туралы» Заңында «мүмкіндігі шектеулі балалар» термині «ерекше білім беруге қажеттілігі бар адамдар (балалар)» ұғымына ауыстырылды.

2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 ҚР Үкіметінің Қаулысына сәйкес инклюзивті сыныптарда ерекше білім беруге қажеттілігі бар екі баладан артық оқытылмауы тиіс.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес инклюзивті білім беруді іске асыру кезінде сыныпты бөлу әр ерекше білім беруге қажеттілігі бар баланы білім алушылардың жалпы санынан үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларды қолдау мен оқытудағы жеке ыңғай жасау ҚР «Білім туралы» Заңының 47 бабымен сақталады, яғни, «Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің: ... білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары

шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға құқығы бар». Сондай-ақ, Орта білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес «19-тармақ: Инклюзивтік сыныптарда оқитын ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы мен ұсынымдары бойынша жалпы білім берудің оқу бағдарламасы немесе жеке бағдарлама бойынша білім алуы мүмкін».

Инклюзия әрбір баланың білім алу қажеттіліктеріне бейімделген педагогикалық, адамгершілік, материалды ортаны қалыптастыра отырып, мектептің барлық әлеуметтік процестерін терең қамтиды. Бұндай ыңғайлы жағдайды тек ата-аналармен тығыз ынтымақтастықта, білім беру процесіне барлық қатысушыларының біріккен топтық әрекеттестігінде жасауға болады.

Бұл ретте білім алушылардың оқу жетістіктерін критериялды бағалау жүйесіне маңызды рөл беріледі. Білім алушылардың дайындық деңгейі туралы объективті және сенімді ақпарат алу мүмкіндігі сынып оқушылары құрамының білім алу қажеттіліктері бойынша әртүрлілігін және оқытудың жеке нәтижесіне мүмкіндік беруді ескеретін критерийлерді қолдану арқылы қамтамасыз етіледі.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты – инклюзивті білім беру жағдайында қызмет ететін жалпы мектеп педагогтеріне әр түрлі санаттағы ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың оқу жетістіктерін критериялды бағалау жүйесін жүзеге асыруда көмек беру.

Білікті білім беру практикалық нәтижелерге, жеке қызмет тәжірибесіне, қарым-қатынастар құруға бағытталған, бұл білім беруді ұйымдастырудағы принципіалдық өзгерістерге байланысты болады, ол білім алушылардың нақты құндылықтары мен өмірлік қажетті дағдыларын қалыптастыруға бағытталады. Осының аясында білім беру процесінің бір бөлігі ретінде оқушылардың оқудағы жетістіктерінің нәтижелерін бағалауға деген көзқарас та өзгереді. Бағалау оң принциптерге негізделуі тиіс, бұл ең алдымен, оқушының сәтсіздіктерінің дәрежесін емес, оның жетістіктерінің деңгейін есепке алуды болжайды.

Ерекше қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу әрекетінің нәтижелері мектепте білім берудің барлық кезеңдерінде біліммен, білікпен және дағдылармен шектелмеу керек, тұлғаның біліміне, тәжірибесіне және құндылықтарына негізделген жалпы қабілет ретінде біліктілікті қалыптастыру оқытудың мақсатына айналуы тиіс. Инклюзивті ортада өлшемшарттық бағалау принциптерін іске асыру ерекше қажеттіліктері бар білім алушының жан-жақты болуына, оның танымдық белсенділігі деңгейін, оқудағы талпынысын арттыруға, эмоционалдық тұрақтылығын және өз мүмкіндіктеріне сенімділігін сақтауға ықпал етеді.

**F00043 19.01.2021 жыл**

## **«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ МУЗЫКАСЫ» 5 СЫҢЫП**

**ЖҮНІСОВА АЙМАН ҚЫДЫРҚЫЗЫ**

*Түркістан облысы. Созақ ауданы*

*Қыземшек елдімекені. Ләнде Бөкенов атындағы жалпы  
орта мектебінің музыка пәнінің мұғалімі*

Қазақ халқының аспапта жеке шығарма орындаушылық, яғни күйшілік өнері сонау көне заманнан келе жатқан ұлтымыздың рухани мәдениетінің аса бір маңызды саласы. Күй, көбінесе белгілі оқиғаға, тарихи мазмұнға орай шығарылады. Күйшілік өнер құрылымдық және орындаушылық тұрғыдан өзара бірнеше дәстүрлерге бөлінеді. Әр дәстүрдің өзіндік орындау мәнері, өзіндік саздық жүйесі болады. Домбыра аспабында орындалатын күйлер негізгі екі топқа, "төкпе" күйлер мен "шертпе" күйлерге бөлінеді.

Төкпе күйлер Батыс Қазақстанда, ал, шертпе күйлер Арқа, Жетісу мен Қаратау өңірлерінде көп орындалады. Төкпе мәнерінің көрнекті өкілдері - Құрманғазы, Сейтек, Ұзақ, Дәулеткерей, Абыл, Дина, Қазанғап, Есір, және тағы басқалар. Төкпе күйлер өзінің өлшемі мен ырғағы жағынан нақты болып, саусақтардың бірыңғай сілтеуімен орындалады, олар көбінесе жігерлі, асқақ келеді. Төкпе күйлердің өзі ішкі мазмұны мен орындалу, тартылу әдіс-тәсілдеріне орай, түрлі салаларға бөлініп, жеке-жеке қалыптасқан, бір-біріне ұқсамайтын, әртүрлі орындаушылық мектептер құрайды. Мұндағы әр мектептің өзіндік саусақ басу, қағыс қолдану әдістері бар. Мысалы, Құрманғазы мен Дәулеткерейдің орындаушылық үрдістері бір-біріне мүлде ұқсамайды. Дина күйлері де айрықша мектеп құрайды. Сыр бойының, Маңғыстау өңірінің күйлері де өзіндік орындаушылық дәстүр түзеп, айрықша құрылымдық, орындаушылық мәнерлерді байқатады.

Шертпе күйлер ән негіздес өте сазды, құрылысы шағындау болып келеді. Күй әуені екі ішекте кезек орындалып, көбінесе бірдауыстылығы басым болады. Бұл күйлердің ежелден қалыптасқан қағыс қағу, саусақ басу тәртібі бар. Күйлердің мазмұны мен тақырыбы да әр алуан болады. Адамның түрлі сезімдері, табиғат суреттері, үлкен әлеуметтік-пәлсафалық мәселелер шертпе күйлердің негізгі айтар ойына арқау болған. Шертпе күйлердің өзі мазмұндық, орындаушылық ерекшеліктеріне орай, бірнеше мектептерден тұрады. Олар Арқа, Қаратау, Жетісу, Алтай мектебі деп аталады. Шертпе күй мәнерінің көрнекті өкілдері - Байжігіт, Тәттімбет, Сүгір, Тоқа, Дайрабай, Баубек, Әбди, Төлеген және т.б.

Төкпе күйлерге қарағанда шертпе күйлердегі жеке дауыстық эпизодтар екі шекте кезек дамиды. Мұнда оң қолда көп қолданылатын негізгі тәсіл - сұқ саусақпен екі шекте алма кезек шерту әдісі жиі кездеседі.

Жалпы күйлердегі форманың қалыптасуы ғасырлар бойы келе жатқан дәстүрлі дыбыс тұрақтылығына сүйенеді. Мысалы, Құрманғазы күйлерінде қалыптасқан "бас буын", "орта буын", "бірінші саға", "екінші саға" осының айғағы. Шертпе күйдегі формаға жеке дауыстылықтың үздіксіз дамуы мен дәстүрлі орындау әдістері негіз бола алады.

Бірінші саға - қазақ күйлерінің музыкалық құрылымындағы бірінші шарықтау шыңы. Ол домбыраның ортаңғы регистрінде орналасады.

Екінші саға - домбыра күйлерінің музыкалық құрылымындағы екінші шарықтау шыңы.

Көпғасырлық дамудан өткен қазақ күйінің өз бойына түрлі халық шығармашылығының негіздерін сіңірген өте күрделі құбылыс екендігін және алуан түрлі жанр, дәстүрлермен - эпоспен, әдет-ғұрыптық, көне нанымдық, шамандық тәсілдермен, лирикалы-поэтикалық, лирика-саздық жанрлардың көркемдік байлығымен өзара байланыста тұрғандығын айрықша атап өтуге болады.

Ғалымдардың пікірінше кейбір ортаазиялық халықтардағы "күй" сөзі өте ертеден келе жатқан атау, ал ХІҮ-ғасырдан бастап бұл сөз негізінен аспапты музыкаға байланысты айтылады. Қазақтың аспапты музыка өнері өзінің шығу тарихына, шығарушысының суреткерлік тағылымына, орындаушылық мектебіне орай түрлі жанрларға; аңыздық, тұрмыс-салттық, тарихи және лирикалық үлгілерге бөлінеді.

Алғаш рет қазақ күйлеріне жанрлық классификация берген белгілі ғалым Құдайберген Жұбанов болды. Оның "Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жайлы" деген еңбегі 1936 жылы жарық көрді. Осы еңбекте: "Бүгінгі күйлер әнсіз, эпосша тартылады. Оларға бөтен өлең, еш нәрсе қосылмайды. Бұл әннен, дауыс қосып айтатын сөзден бөлініп, бөлектеп шыққан бір жанр. Бірақ алғашқы әзірде бұлай бөлектелмей жырмен екеуінің бір болуының жөні бар. Осы күнгі қазақтың күйлеріне ұқсас Иран, Азербайжан күйлеріне дауыс қосылып, ән шырқайды" делінеді.

Бұл үзіндіден екі түрлі ғылыми терең пікір түйінін аңғарамыз. Бірінші, Европа елдеріндегідей, өнердің синк-реттік дәуірін шығыс елдері де басынан өткізгендігін, бұл адам баласының өрлеу жолындағы мәдениеттің белгілі бір белі, баспалдағы, халықтардың бәріне бірдей жалпы заң екендігін көреміз.

Екінші, қазақ халқы жазу - сызу, ғылымнан кенже қалған ел болса да, сөзі мен музыка өнерлері ерте дамыған, тіпті мәдениеті, жазу сызулары көне заманнан келе жатқан кейбір жақын шығыс елдерімен салыстырғанда, қазақ елінде музыка өнерінің өте биікке көтерілгендігін меңзейді.

Қ. Жұбановтың айтуынша ХІҮ ғасырда Каспий теңізін мекендеген Қытай елінің (ол бүгінгі қытайлар емес, түрік елдері, біздің бір кездегі аталарымыз) 366 күйлерінің болуы, әннен, сөзден бөлініп, қазіргі Европа музыка мәдениетіндегідей, симфониялық биікке көтерілуі таңғажайып нәрсе ғой.

Қ. Жұбановтың сүйеніп отырған Иран музыканты, Абдіқадыр Мұрали (Каспий теңізін зерттеуші) "Қытай елінде ХІҮ ғасырда көптеген күйлер болды" десе, күйлер сол дәрежеге жету үшін қанша ғасыр бойы өмір сүріп, қалай дамығанын айту өте қиын. Бірақ бір нәрсе талассыз. Ол - Қытай елінің күй өнері ХІҮ ғасырда кемеліне келіп, әннен бөліну биігіне көтерілгенге дейін, көп ғасыр-ларды басынан өткізгені.

«Қытай» деп аталған түрік тектес тайпа басқа ру, тайпалармен араласа келіп, суға салған қанттай еріп жоғалса да, күйлері қалған. Жоғарыда айтылған 366 күйлердің мұрагерімін деп, бүкіл шығыста айта алатын жалғыз-ақ ел бар. Ол - тек қазақ елі. Күй өнері жөнінде біздің халқымызбен ешкім де таласа алмайды.

Тарихи ұзақ дамудың нәтижесінде, қазақтың халықтық аспапты музыкасында домбыра, қобыз және сыбызғыда орындалатын күйлердің белгілі жанрлары қалыптасты. Бұларға аңыз күйлер, тарихи күйлер, тұрмыс-салт күйлері, лирикалық күйлер және тартыс күйлері жатады.

Аңыз күйлер-халықтық музыка өнерінде ежелден қалыптасқан шығармалар. Біздің заманымызға дейін жеткен бұл күйлер халықтың тұрмыс-салтын, өмір сүру жағдайын көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар, оларды қоршаған дүние, әлем құбылыстары жайындағы наным-сенімдерін де бейнелейді: "Аққу", "Көк бөрі", "Нар идірген", "Аңшының зары", "Қорқыт", "Қазан", "Көрұғлы", "Жұмағұл", "Жетім қыз", "Жетім бала зары", "Қамбар күй", "Желмая", "Ақсақ құлан", "Ақсақ қыз", "Тепен көк", "Хан жұбату" күйлері.

Қазақ аспаптық музыкасының ертеден келе жатқан бұл жанрлары синкретикалық болып табылады, яғни, ауызша әңгіменің, музыканың, театрлық элементтердің, орындаушылық өнердің ең басынан бір тұтастығын, бөлінбестігін аңғартады.

Күй-аңыздарна мазмұнның алуан түрлілігі тән. Бұл аңыздарда көшпелі малшылардың тұрмысы, еңбек кәсібі, халықтың мифологиялық дүние тану көзқарасы бейнеленеді. Академик М. Әуезовтың пікірінше, күй аңызында "Қазақ эпосы мен фольклоры өзінің бір саласы ретінде музыкамен етене жақын, тығыз байланысты... сыбызғы, қобыз, домбыра, сөйлейтін көп күйлермен қатар, сол күйлердің ауызша айтылатын көркем, шебер әңгімесі болатыны мәлім" делінген.

## МАЗМҰНЫ

- АМАНГЕЛДІ ГҮЛДЕН САЯТҚЫЗЫ
- ЛИТВИНОВА ЕВГЕНИЯ СЕРГЕЕВНА
- КОКРЕКБАЕВА ЛАЙЛА БОЛЫСБЕКОВНА
- ТАШИМОВА АЛТЫНАЙ АҚЫНОВНА
- НУРАХМЕТОВА АНАРГУЛЬ
- АМИНОВА ВЕНЕРА КУАНХАНОВНА
- ЖҮНІСОВА АЙМАН ҚЫДЫРҚЫЗЫ